

**«С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ №72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫНДА
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ
АТТЫ КЕЗДЕСУДІҢ ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

08.11.2023ж.

Қатысқан оқушы саны – 290
Мұғалімдер саны:12

Қатысқандар:

- Шымкент қалалық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығы, полиция полковнигі Сулейменов Ергали Сыбанкулович;
- Шымкент қалалық полиция Қаратау ауданы полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары, подполковник Алиев Батырхан Қоңырұлы;
- Шымкент ҚПД Қаратау АПБ-нің ЖПКБ ЮПБ УПИ полиция лейтенанты Серікбаев Жандос Жасұзақұлы;
- Мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы;
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы
- және сынып жетекшілер, 10- сынып оқушылары;

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу;
/Шымкент қалалық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығы, полиция полковнигі Сулейменов Ергали Сыбанкулович/

Т Ы Ң Д А Л Д Ы:

Алғы сөзді Мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы алды:

- «Ел болам десең, бесігіңді тузе» - деп дана қазақ халқы айтқандай, бүгінгі жастар еліміздің болашағы. Болашағымыз ғұмырлы, салиқалы болуын қаласақ, жасөспірімдердің тәрбиесіне көңіл бөліп, қадағалауына атсалысуымыз қажет. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу. **Бегмат Нұралыұлы** кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу мақсатында ұйымдастырылып отырған іс шараға келген қонақтарды таныстырып, сөз кезегін қонақтарға берді.

Шымкент қалалық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығы, полиция полковнигі **Сулейменов Ергали Сыбанкулович:**

Құрметті оқушылар, ұстаздар және мектеп әкімшілігі!

- Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты алдын алу қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Құқық қорғау органының негізгі қызметі - кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықты алдын алу және болдырмау, құқықтық сауаттылықты арттыру, заңсыз іс-әрекеттер жасаудан қорғау, жас ұрпаққа заңға бағынушы азамат ретінде құқықтық тәлім – тәрбие беру. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасының басты қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген. Сондықтан Қазақстан Республикасының әр азаматының

міндеті - заң талаптарын сақтау, өзге адамдардың құқығын бұзбау, өзіне жүктелген міндеттерін жете біліп орындау болып табылады. Заңды білмеу, оны бұзу-жауапкершіліктен құтқармайтынын жас ұрпаққа үнемі түсіндіріп отырамыз. Себебі, соңғы жылдары мектеп оқушылар арасында құқықтық тәртіпті бұзушылардың саны көбейе түсуде. Соған байланысты жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейтуіміз қажет. Сонымен бірге, Ергали Сыбанкулович қазіргі таңда кәмелетке толмаған жасөспірімдері арасындағы белең алған қылмыстың түрлеріне тоқталып өтті. Соның ішінде әсіресе ұрлық жасау, бопсалау, алаяқтық фактісінің көп екенін айта кетті.

Кездесу барысында ұрлық және бұзақылық сияқты өзге де ауыр және аса ауыр қылмыстардың заң жүзіндегі жауапкершілігі туралы түсіндірілді. Сондай-ақ, шағын электр көлік құралдары мен скутерлердің жол қозғалысындағы заңдылығымен, жаяу жүргіншілердің жолдан өту қауіпсіздігі туралы сөз қозғалды.

ЖАРЫС СӨЗГЕ:

Шымкент қалалық полиция Қаратау ауданы полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары, подполковник **Алиев Батырхан**

Қоңырұлы:

- Құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықтың не екенін ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарын пайдалана біліп, қатыгездіксіз өмірлерінің сақталуы жолында аянбай еңбек ету – біздің басты парыз. Бүгінгі іс-шараның да негізі мақсаты осы. Жасөспірімдердің түнгі уақытта ойын-сауық орталықтары мен компьютерлік ойынханаларда жүрмеуін қадағалау керектігін ескертіп өтті. Қаратау ауданы полиция басқармасының инспекторларымен кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта көңіл көтерін орындардан және көшеде ата-анасыз жүрмеуін қадағалау мақсатында рейдтік іс-шаралар апта сайын жүргізіліп жатқандығын айтып өтті. Беймезгілде ата-ана бақылауынсыз көшеде жүрмеу қажеттілігі жайлы ақпарат берді. Сөз соңында **Батырхан Қоңырұлы**, ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетінін, балаларға иманды да инабатты, елі мен жерін сүйетін тұлға болу керектігін айтып, оларды өтірік айту, ұрлық жасау сияқты түрлі зиянды заттардан, әрекеттерден аулақ болуға шақырды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы:**

- Құрметті оқушылар, «Жасөспірім және қылмыс» тақырыбы бүгінгі күні маңызды болып саналады. Өкінішке орай, кейбір жасөспірімдер қылмыс пен құқық бұзушылықтың арты неге әкеліп соғатынына аса мән бере қоймайды. Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға саналы адам қалыптастыру - мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болса, ол міндетті іске асыруға басты мақсат жасөспірімдерді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінеді. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыруда атқарылып жатқан жұмыстар көп. Құқықтық сауаттылықты арттыру құқықтық тәрбиемен келеді.

Тағдыр таразысының қалай қарай ауатыны – бесіктің қалай тербелетіне байланысты дегендей, бүгінгі ұрпақ ертең мемлекеттің тұтқасын ұстар бір азамат. Сондықтан да білім алушы жастар Отанға деген сүйіспеншілік патриотизм, танымының заңдылықтарын игеру тиіс. Жігері жалын боп жанып, өрелі өрге талпынған бүгінгі белсенді жастар мемлекет еңсесінің биік тұғырының берік қалануына сүбелі үлес қосып жатса, қазақтығы қанында азаматтығы жанында буырқанған бөрі тәңірлі еліміздің рухының мықты екендігінің айғағы емес пе?

